

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л. Н. ГУМИЛЕВА



«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
РАЗВИТИЯ
ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ
НАВЫКОВ БУДУЩИХ
УЧИТЕЛЕЙ»

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ВЕБИНАР В РАМКАХ ПРОЕКТА ГФ
«РАЗРАБОТКА И ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ
ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
(НА ОСНОВЕ ОПЫТА ФИНЛЯНДИИ, ЭСТОНИИ)»

МАТЕРИАЛЫ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ВЕБИНАРА
31 МАРТА 2023 Г.

АСТАНА, 2023

УДК 37.0
ББК 74.00
А43

Отв. ред.: Асылбекова М.П., Отарова Т.Н.

А43 «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ»: материалы республиканского вебинара. - Астана: ЕНУ, 2023. – 82 стр.

Сборник содержит материалы республиканского вебинара «Актуальные проблемы развития трансверсальных навыков будущих учителей», в рамках проекта ГФ «Разработка и внедрение инновационной модели развития трансверсальных навыков будущих учителей (на основе опыта Финляндии, Эстонии)», научные исследования магистрантов и докторантов по вопросам современной педагогики

ISBN 978-601-337-856-5

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-856-5

© Автор статей, 2023

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие.....	5
Асылбекова М.П. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ	6
Сейітказы П.Б., Ырымбаева Н.А. ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	13
Ботабаева Адеми Еркебаевна БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ,.....	17
Жиентаева Б.Ж. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ	20
Керімбай А.М. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ STEAM ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РӨЛІ.....	24
Шәріп М. Т. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙІН ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІ	29
Әділхан Д. Ә. БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРТІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	33
Ахметсапа А.Е. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ	38
Отарова Т.Н. ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	43
Камалиева Г.Р., Тагариева И.Р. СУЩНОСТЬ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ОСНОВ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ В УНИВЕРСИТЕТЕ	46
Urevskaya T.G., Sembekova U.D. ORGANIZATIONAL AND MANAGERIAL CREATIVITY OF A TEACHER OF FOREIGN LANGUAGES IN THE PROCESS OF INTERACTIVE LEARNING	51
Капицкая А.В. ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА ПЕДАГОГОВ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	55
Туткышбаева Ш.С., Закирова А.Б. ПРЕИМУЩЕСТВО И НЕДОСТАТКИ ИНТЕРНЕТ ВЕЩЕЙ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИИ	59
Байбосынова А.С., Курбанбаев Е.К.	

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ	62
Байбосынова А.С., Тургунтаева Г.А ВНЕДРЕНИЕ СТРАТЕГИЙ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ	65
Tulebayeva S. K. ICT IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE	68
Тургунтаева Г.А., Айтөх Г.А. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	72
Абуталипова А.Д. ЖОҒАРЫ СЫҢЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ	76

<https://corpus.byu.edu/iweb/> (дата обращения 30.06.2019).

8. Кононова В. А. Трансверсальность: эволюция термина через призму корпусов и других контекстов // Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. 2020. Т. 12, вып. 2. С. 34–42.

9. CEIC: The European Union's unemployment rate. September 2017. URL: <https://www.ceicdata.com/en/blog/eu-unemployment-rate> (дата обращения: 26.09.2019).

10. European Commission. Report to the European Commission on Improving the quality of teaching and learning in Europe's higher education institutions 2013. URL: http://ec.europa.eu/dgs/education_culture/repository/education/library/reports/mo_dernisation_en.pdf (дата обращения: 21.09.2019).

11. Цанков, Н. «Развитие трансверсальных компетенций в школьном образовании (дидактическая интерпретация)» (2017) PDF в Serbian Citation Index.

12. Рейабал, М. «Трансверсальность и всестороннее образование» (1995) в Университете Веракрузаны.

ӘӨЖ 378

ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Сейітказы П.Б. – «Педагогика» кафедрасының профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қ., Қазақстан

Ырымбаева Н.А. – «Педагогика» кафедрасының докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қ., Қазақстан

AP14870088 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу» (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде) Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Аннотация: Мақалада болашақ мамандардың ЖОО-да трансверсалды дағдылар негізінде ақпараттық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері қарастырылды. Сонымен қатар, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі құзырет, құзыреттілік, трансверсалды дағдылар, ақпараттық құзыреттілік ұғымдарының анықтамалары берілген.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, трансверсалды дағдылар, ресми әлеуметтік желі.

Бүгінгі жаһандық замандағы педагогикалық білім – кәсіби құзыреттіліктің, бәсекеге қабілеттіліктің, өзін-өзі жүзеге асыру мен ең бастысы болашақ маманның өз бетімен жан-жақты ізденіп, өмір бойы білімін

дамытуға бағытталатынымен ерекшеленеді. Ал бұл өз кезегінде оқу орнының болашақ маманды оқу мен тәрбиеге, үнемі өзгеріп отыратын ақпарат ағынында бағдарлана білуге, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды талап етеді.

Болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін трансверсалды дағдылар негізінде дамытудың маңыздылығы – тұлғаның нарықта ұтқырлықты сақтауымен, бәсекеге қабілеттілігін арттыруымен, ізденімпаздық негізінде жаңа кәсіптер мен іс-әрекеттерді игерудегі бейімділікпен айқындалады.

Тұлғаға бағытталған құзыреттілікті дамыту: формалды, формалды емес, информформалды оқыту арқылы өмір бойы жүзеге асатын, еңбек пен төзімділікті, мақсатқа ұмтылысты талап ететін күрделі үдеріс. Ол оқу және жұмыс орны, үйде, қоғамдық мекемелер мен қоғамдық орындарда жүзеге асады. Ал трансверсалды дағдылар негізінде ақпараттық құзыреттілікті дамыту – цифрлы сауаттылықты, медиақұзыреттілік пен медиамәдениетті, толеранттылықты, топтағы көшбасшылық сапаны, өмірлік және кәсіби мәселелерден тиімді және шығармашылықпен шешудегі қабілеттілікке мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулерде құзырет ұғымы – әр түрлі міндеттерді шешу үдерісінде адамның іс-әрекетінде, мінез-құлқында басқа адамдармен қарым-қатынасында көрінетін, интегративті, білімге негізделген, интеллектуалды және әлеуметтік-мәдени жеке қасиет ретіндегі құзыреттілік, демек, іс-әрекетте өзектендірілген ішкі когнитивті білім, алғышарт, қалыптасу негізі ретінде қарастырылады [1].

Ал, құзыреттілік – әлеуметтену және оқыту үрдістерінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралды қасиеті ретінде анықталады [2].

Құзыреттерді екі түрге бөлуге болады: кәсіби және жалпы немесе трансверсалды құзыреттер. Бірінші типке кәсіби қызметпен тікелей байланыстысы, ал трансверсалды құзыреттер кәсіби мінез-құлықты байытатын когнитивті, әлеуметтік, бағалау сипатындағы жеке қасиеттер жатады. Бұл құзыреттер кәсіпті жүзеге асыруда аса қажет емес, алайда олар болашақ маманға сапалы құндылық ретінде ерекше элементке айналады [3].

Трансверсалды дағдылар – нақты бір салада кеңінен қолданысқа еніп, қарыштап дами отыра, басқа сфераға оңай бейімделе алатын қабілеттер жиынтығы. Бұл дағдылар жеке тұлғалар үшін тек оқу немесе қызмет барысында ғана емес, күнделікті өмірде де нәтижелі жұмыс болуы үшін қажет. ЮНЕСКО-ның деректерінде трансверсалды құзыреттіліктер сыни

және инновациялық ойлаумен, тұлғааралық қарым-қатынас, жаһандық азаматтық, физикалық және психологиялық саулықпен сипатталған [4].

Бүгінгі жылдам ақпарат ағымы мен техникалық ілгері жылжуда болашақ мамандардың трансверсалды дағдыларын дамыту – өзектілігімен, өмір бойы оқуға ынталандыруымен қоғамда маңызды орын алады. Трансверсалды дағдылар тұлғаның кез-келген ортаға жылдам бейімделуімен, бір саладан екіншісіне ауысудағы қабілетімен сипатталып, болашақ маман иесінің еңбек нарығында табысқа жетуде шешуші рөл атқарады. Ал қарқынды дамып келе жатқан қоғамда ақпараттық құзыреттілік – ең қажетті мүмкіндіктердің бірі ретінде қарастырылады. Өйткені болашақ маманның даралығы, тұлғалық дамуы, кәсіби талаптарды орындаудағы жеке тәжірибесі мен біліктілігін арттырудағы ақпараттық құзыреттілігі үлкен мәнге ие.

Зерттеуші Ф.Х. Хабибуллин өзінің ғылыми жұмысында «Болашақ педагогтың ақпараттық құзыреттілігі – заманауи ақпараттық технологиялар туралы білімнің интеграциясын және оларды білім беру үдерісінде қолдану ерекшеліктерін, педагогтің кәсіби және жеке қасиеттерін қалыптастыруды көрсететін күрделі жүйелік білім. Ал, болашақ педагогтың ақпараттық құзыреттілігін дамыту – кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті білімді, іскерлікті және кәсіби-тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдерісі», – деп анықтаған болатын [5].

Осылайша, болашақ мамандардың трансверсалды дағдылар негізінде ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуда келесі мүмкіндіктерді қарастырамыз:

1. Оқу орнында білім беру бағдарламасының (БББ) паспортын жасауда студенттердің қалыптасатын құзыреттіліктері мен оқыту нәтижелерінде ақпараттық құзыреттілікке негізделген пәндер мазмұнына мән беру. Яғни, Медиапедагогика, Киберпедагогика, Білім берудегі цифрлық технологиялар, Педагогикалық инновациялар, Қашықтықтан білім беру технологиясы мен әдістемесі, Интернет психологиясы, Білім берудегі IT, Білім берудегі инновациялық және медиатеchnологиялар және т.б. пәндерді қарастыру;

2. Трансверсалды дағдылар негізінде студенттердің ақпараттық құзыреттіліктетін дамытудың келесі мүмкіндігі ретінде оқу орындарындағы газет-журналдарды дәріштеуді ұсынамыз. Университеттік газеттің негізге мақсаты – білім, ғылым, тәрбие, спорт, денсаулық, салауатты өмір салты, шығармашылық жетістіктер мен мәдени орындарында өтіп жатқан маңызды іс-шаралармен, жаңалықтармен, сондай-ақ, қоғамдық, саяси, тәлім-тәрбиелік маңызы бар мәліметтер жайындағы ақпараттармен хабардар ету. Сонымен қатар, университет қабырғасында білім алып жатқан студенттерінің шығармашылық қабілеттерін арттырып, кәсіби шыңдалуына, ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік тудыру.

3. Отандық университеттерде студент жастардың трансверсалды дағдылар негізінде шығармашылық әлеуетін кәсіби қалыптастыру, өзін-өзі жүзеге асыру үшін мүмкіндік, көшбасшылық, жаңа жарқын дарындарды анықтау және олардың шығармашылық қабілеттері мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған: студенттердің өзін-өзі басқару орталықтары, оқу-сауықтыру орталықтары, студенттік парламент, жастар саясаты орталықтары, және т.б. ерекше атап өту керек.

4. Қазіргі таңдағы жастар арасында ақпаратты оңай, әрі жылдам табу көзі ретінде қолданыстағы Instagram, Facebook, Telegram, ВКонтакте, Twitter, TikTok, WhatsApp сынды ресми әлеуметтік желілер мен мессенджер де студенттердің ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуда мүмкіндік тудырады. Университеттердің ресми YouTube каналдарында: талапкерлерге арналған оқу орны және БББ туралы ақпараттар, оқу-әдістемелік, тәрбиелік іс-шаралар видеолардың толық нұсқалары, ПОҚ, қызметкерлер және білім алушылардың жетістіктері мен жеңістері, т.б.көрініс табады.

Болашақ мамандардың ЖОО-да трансверсалды дағдылар негізінде ақпараттық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері масс-медиа өнімдерінен ақпаратты тиімді іздеу, сауатты сұрыптау, ой түйюі, тұлғалық және рухани дамуы, алған білімі мен ақпаратын тәжірибеде ұтымды қолдана білуімен ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, трансверсалды дағдылар негізінде ақпараттық құзыреттілікті дамыту – білім алушының бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман болуын, қарым-қатынастық дағдыларын, кәсіптік сыни ойлауын, ақпарат ағымында үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысын, көшбасшылық қасиеттер мен толеранттылығын дамыту мүмкіндігін айқындайды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. — М., 2004,- 3с
2. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357б
3. Шульц О.Н., Ильина Н.Н. О возможности формирования трансверсальных компетенций в профессионально-педагогического вузе /Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании, – Том 2, – Екатеринбург, 2021 235-238с.
4. Отарова Т.Н. Трансверсалды құзыреттілік: білім беру жүйесіндегі маңыздылығы. ҚАЗҰУ ХАБАРШЫСЫ.- Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (66) 2021.- Б.20-27
5. Хабибуллин Ф.Х. Развитие информационной компетентности

ӘӨЖ 378

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

*Ботабаева Адеми Еркебаевна- педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты
Тараз қаласы, Қазақстан*

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің ахуалы оның төмендегідей даму үрдістерін айқындайды:

- білім философиясының жаңартылуы;
- жоғары білімнің жаңа парадигмаларын енгізу;
- білім жүйесін басқарудың тиімді әдістерін іздеу;
- ғылым мен білімнің интеграциясы;
- білім жүйесінің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру;
- білімді ақпараттандыру және білім берудің жаңа адекватты технологияларын жасап шығару;
- болашақ мамандардың трансверсалды дағдыларын қалыптастыру;
- білімділік пен жоғары мектеп түлектерінің кәсіби біліктілік деңгейін көтеру.

Осыған орай, қазіргі білім беру саласында әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан алғандағы басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын болашақ педагогтарды даярлау. Себебі, өскелең ұрпаққа білім беріп, тәжірибе бөлісіп, бағыт-бағдар, жол көрсету – педагогтардың міндеті [1].

Демек, қойылып отырған талаптарға сәйкес ЖОО-да болашақ педагогтардың трансверсалды дағдыларын қалыптастыру өте маңызды. «Трансверсалды» сөзін ағылшын тілінен аудармасы «көлденең» деген мағына береді. Кей ғылыми дерек көздерінде «жұмсақ» депте аударылған, яғни «трансверсалды дағдыларға» болашақ педагогтардың мамандығына қосымша жүретін әмбебап дағдылар. Мәселен, осы тақырыпта Асылбекова М.П., Сейітқазы П.Б., Т.Н. Отаровалардың авторлық бірлестікте жазылған ғылыми мақаласында келесідей келтіреді: «Трансверсалды дағдылар – нақты бір салада кеңінен қолданысқа еніп, қарыштап дами отыра, басқа сфераға оңай бейімделе алатын қабілеттер жиынтығы. Бұл дағдылар жеке тұлғалар үшін тек оқу немесе қызмет барысында ғана емес, күнделікті өмірде де нәтижелі жұмыс болуы үшін қажет. Трансверсалды дағдылар жиынтығы бір қызмет саласынан қарағанда екіншісінде өзгеше болуы мүмкін. Мысалы,